

"Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 25 маусымдағы № 1629 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 30 шілдеде № 5773 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 7 сәуірдегі № 790 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 07.04.2016 № 790 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Жарлығына сәйкес Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. "Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі жоғарыда көрсетілген ережені Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

А. Ахметжанов

Қостанай қаласы әкімдігінің
2015 жылғы 25 маусымдағы
№ 1629 қаулысымен бекітілген

"Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі сәулет және қала құрылыс саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтармен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индексі 110000, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Алтынсарин көшесі, 128 үй.

10. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Қостанай қаласы

әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: экономикалық, санитарлық-гигиеналық, экологиялық, эстетикалық және басқа да талаптарға жауап беретін адамның мекендейтін толымды ортасын қалыптастыру болып табылады.

15. Міндеттері:

1) Сәулет және қала құрылысы қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу, қаланы тұрақты дамыту.

2) Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген өзге де міндеттер.

16. Функциялары:

1) Қаланың заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген бас жоспарын, заңнамада белгіленген тәртіппен қала ықпал ететін аймаққа жатқызылған іргелес жатқан аумақтарда қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемасын (аудандық жоспарлау жобасын) іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру;

2) Қала мен қала маңы аймағының ежгей-тегжейлі жоспарлау құрылыс салу жобаларын, әзірлеуді ұйымдастыру және қала мәслихатының мақұлдауына ұсыну;

3) Жоспарланып отырған құрылыс салу не өзге де қала құрылысының өзгерістері туралы қала халықтарына хабарлап отыру;

4) Қала және қала маңы аймағының қала құрылысы жобаларын, егжей-тегжейлі жоспарлау және құрылыс салу жобаларын бекіту және іске асыру ;

5) Ведомстволық бағынысты аумақта құрылыс салу немесе өзге де қала құрылысын игеруге арналған жер учаскелерін таңдау, беру, алу заңнамалық актілерде көзделген жағдайларда, мемлекеттік қажеттер үшін алып қою жөнінде шешімдер қабылдау;

6) Құрылыстарды, үйлерді, ғимараттарды, инженерлік және көлік коммуникацияларын салу (кеңейту, техникамен қайта жарықтандыру, жаңғырту, реконструкциялау, қалпына келтіру және күрделі жөндеу) туралы, сондай-ақ

аумақты инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру мен көгалдандыру, құрылысты (объектіні) консервациялау, жергілікті маңызы бар объектілерді кейіннен кәдеге жарату жөнінде жұмыстар кешенін жүргізу туралы шешімдер қабылдау;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен объектілерді (кешендерді) қабылдау жөніндегі комиссияның құрамын белгілеу және тағайындау, сондай-ақ пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) тіркеу және есебін жүргізу;

8) Салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүргізу;

9) Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету;

10) Өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) Қала әкімінің және қалалық мәслихаттың қарауына мемлекеттік мекеменің құзырына жататын мәселелерді шешу жөнінде ұсыныс енгізуге;

2) Қаланың кәсіпорындары, ұйымдары құрылымдары мамандарын қоғамдық конкурстық комиссияға қатысу, тексеру мен сараптама жүргізу үшін олардың басшыларының келісімі бойынша тартуға;

3) Өзінің өкілеттілігін жүзеге асыру кезінде объектілерді және энергетика, құрылыс, индустрия құрылысы, жол, су және тұрғын үй- коммуналдық шаруашылық объектілерін барып қарауға;

4) Өзінің құзіреті шегінде мемлекеттік органдардан және басқа да ұйымдардан белгіленген тәртіппен қажетті мәліметтер, материалдар мен құжаттар сұратуға және алуға;

5) "Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қолданыстағы заңнамамен берілген өзге де құқықтары мен міндеттері бар.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. "Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшылықты "Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. "Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Қостанай қаласының әкімі қызметке

тағайындайды және қызметтен босатады.

20. "Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

21. "Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

- 1) Мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда "Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесін ұсынады;
 - 2) Заңнамада белгіленген жағдайларда және шектерінде мүлікке билік етеді;
 - 3) Шарттар жасасады;
 - 4) Сенімхаттар береді;
 - 5) Қаржылық құжаттарға бірінші қол қою құқығына ие;
 - 6) "Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің оқу орындарында қызметкерлердің оқуын және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың басқа да түрлері, тағлымдамалар, іс-сапарлар жөніндегі тәртібі мен жоспарын бекітеді;
 - 7) "Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің барлық қызметкерлері үшін міндетті тапсырмалар береді және бұйрықтар шығарады;
 - 8) "Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және шығарады;
 - 9) "Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады және көтермелеу шараларын қолданады;
 - 10) Лауазымдық нұсқаулығына сәйкес функционалдық өз міндеттерін атқарумен орынбасарды тағайындайды;
 - 11) Қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.
- "Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіліктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.
22. Бірінші басшы өз орынбасарының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

24. "Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасына тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. "Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

26. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

27. "Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.